

«Сейфуллин оқулары – 18(2): «XXI ғасыр ғылыми - трансформация дәуірі» халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения - 18(2): «Наука XXI века - эпоха трансформации». - 2022.- Т.І, Ч.ІІ.- Б. 335-337.

АКАРАПИДОЗ АУРУЫНЫҢ БАЛ САПАСЫНА ӘСЕРІ ЖӘНЕ САНИТАРИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

*Санатқызы Т., магистрант
Жумагелдиев А.А., профессор
Ергумарова М.О., аға оқытушы
Узынтилеуова А., аға оқытушы
Казтаева Б., аға оқытушы*

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы қ.

Табиғи ара балы тағамдық құнарлылығы жоғары емдік қасиеті мол тағамдық өнім болып табылады. Еліміздің тәуелсіздік алғалы бері қалыптасқан ара шаруашылығы ішкі нарықты ара шаруашылығы өнімдермен толығымен қамтамасыз етуде. Сонымен қатар, сыртқы нарыққа шығаруға да мүмкіндік мол [1].

Адам денінің саулығына үнемі әсер ететін маңызды фактор сапалы және қауіпсіз тағамдармен қамтамасыз етілуі. Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық дамудың нәтижесінде халықтың сапалы тағамдық өнімдерге сұранысы артуда. Яғни, биологиялық тұрғыдан құнарлы тағам өнімдерін тұтыну қажеттілігі жоғарылауда. Бұл, өмір сүру деңгейіне және демографиялық көрсеткіштердің артуына байланысты болуда. Сонымен қатар, соңғы жылдары дүние жүзінде түрлі аурулардың белең алуы, адам ағзасындағы иммунитеттің айтарлықтай өзгеру қабілеті байқалады. Осы ретте, тағамдық құнарлылығы жоғары, емдік қасиеті мол, қауіпсіз ара шаруашылығы өнімдерінің маңыздылығы артуда.

Ара шаруашылығын дамытудың негізгі мақсаты адам денсаулығына пайдалы, экологиялық қауіпсіз өнім алу болып табылады. Яғни, омартада сапалы және қауіпсіз өнім беретін араларды ұстау және олардан жоғары сапалы өнімдер алу. Аса күрделі химиялық құрамына байланысты бал адам ағзасының тіршілікке икемдігілін көтеру үшін және диеталық, емдік өнім ретінде үлкен сұранысқа ие. Сонымен қатар, бал сапасының тағы маңыздылығы бал ішіндегі микроорганизмдердің өсіп-өнбеуінен немесе тек анабиоз күйінде болуынан. Дегенмен, бал арасы әр түрлі жұқпалы және жұқпайтын ауруларға ұшырауы ықтимал. Олардың ішіндегі кең тарағаны акарапидоз. Қыстан көптеген шығынмен шыққан, әлсіз бал аралары, өлімге бейім, ұрпақ шашуға қабілеті аз, бал жинауға топталып ұша алмайды.

Ғылымның түрлі салаларында ара шаруашылығы өнімдерін зерттеу жалғасын табуда. Еліміздегі ара шаруашылықтары арасында түрлі

аурулардың белең алуы акарапидоз ауруының салдарынан болуы ықтимал. Акарапидоз – ересек бал арасы қанатының түбінде немесе кеңірдегінде тіршілік ететін микроскопиялық майда ара кенесі *Ascaris* тудыратын ауру. Бұл кене тек тірі бал араларында өмір сүріп, гемолимфамен қоректенеді. Кенемен зақымданған бал арасының кеңірдегі немесе қанатының түбінде өліеттенген ұлпалар әсерінен сары, кейінірек қоңыр және қара дақтар пайда болады. Ауырған бал арасы ұша алмайды. Араның өлексесінде, кәрезде, ұрықта, үйшіктің қабырғасында, сыртқы ортада кене жылдам өледі. Кене ауырған арадан сау араға жұғады. Ол ара денесінде жыл бойы болуы ықтимал. Зақымдануының көптеп кездесетін мезгілі қыс айларында, ал жаз ортасында төмендейді. Аурудың негізгі белгілері қанатының ассиметриясы, яғни бір қанатының зақымдануы салдарынан ара ұша алмайды. Ұшқанда олар секіретін жәндіктерді елестетеді. Екі қанатының зақымдануы да кездеседі [2, 3].

Ауруды балау клиникалық байқау және бал арасы кеңірдегінің алдыңғы екі жұбын зертханалық зерттеу нәтижесінде қойылады. Зертханаға ұшу қабілетін жоғалтқан, бір қанаты зақымданған, ауырған бал аралары жіберіледі. Бал сапасын және жалғандығын анықтау барысында, сезімдік зерттеулер арқылы сыртқы көрінісі, консистенциясы, түсі, дәмі, механикалық қоспасы және ашуы тексеріліп, зертханалық зерттеулер арқылы ылғал мөлшері, инверттік қанттар мен сахарозалар, диастаза мөлшері мен жалпы қышқылдылығы және жалған балды анықтау жүргізілді.

Табиғи бал құрамында болатын және араның сілекей бездерінен бөлінетін фермент диастаза мөлшері мен жалпы қышқылдылықтың мөлшері және редуцирлеуші қанттар мөлшері есептелінді.

Кесте 1. Бал сынамаларының химиялық көрсеткіштері, (n=7)

| Бал сынамалары | Диастаза саны, Готе бірлігі кем емес | Жалпы қышқылдылығы, қалыпты градусы (милли-эквивалент) | Редуцирлеуші қанттар, % |
|---|--------------------------------------|--|-------------------------|
| Табиғи бал | 10,11 | 1-5 | 80,88 |
| Акарапидоз ауруына қарсы өңделген омартадан алынған бал | 5,66 | 1-5 | 73,33 |

Яғни, тексерілген бал сапасында қалыпты жағдайдан ауытқушылық аз болғандығы анықталды (1-кесте).

Бұл ауру жалпы өткен ғасырдан белгілі. Ал, осы ауруға қарсы араларды фумигациялау және түгіндету әдістерімен акарицидтерді кеңінен қолдану арқылы омарталардың сауығуы тәжірибе жүзінде жүргізілуде. Яғни, араларды акарапидозға қарсы препараттармен өңдеп, ара шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі тексерілуде [4].

Сонымен қатар, бал араларының мекен ету ортасын дайындау барысында, көшу орындары мен орын ауыстыру жолдарын бағдарлау арқылы бал аралар орналасқан ареалдарда ара жанұяларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бал аралары ауруларының алдын алу, оларды емдеу, бал аралары ұяларының зиянкестеріне қарсы күрестің ветеринариялық санитариялық шаралары жүргізілуде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жумагелдиев А.А., Ромашев К.М., Қырықбайұлы С. Ветеринариялық-санитариялық сараптау.– Алматы, ҚазҰАУ, 2018. – Б.633-635.
2. Қырықбайұлы С, Телеуғали Т. Ветеринариялық санитариялық сараптау.– Алматы, ҚазҰАУ, 2017. – Б.227-231.
3. Ромашев К.М., Рожаев Б.Ғ., Шалхарова Д.Ж. Үй және жабайы үйрек етінің құрамындағы май қышқылдарының мөлшері [Текст] / Ғылым және білім. - 2019. - №2 (55). – Б. 167-173.
4. Przemysław Sobiech, Akylbek Zhumageldiyev, Gulmira Zhanabekova, Altay Ussenbayev, Khusainov Denys, Dominika Wysocka, Anna Snarska Marko Samardžija The influence of different concentrations of feed additive, based on shell rock and bentonite, on the growth, blood and meat parameters of the African black ostrich (*Struthiocamelus*) in south-east Kazakhstan. VETERINARSKI ARHIV// Croatia, - 2018. Vol.7 88 (3). -P. 413-425.
5. Janabekova G.K, Akylbek Zhumageldiyev, Khussainov D.M., Przemyslaw Sobiech.Effect of Supplement Feed on the Composition of the Black Ostrich's Eggs. Journal of Pharmaceutical Sciences and Research // India. -2018. Vol. 10(4). - P.929-932.